

**6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақ тіл білімі қазіргі кезде жаңа бағыттардың (когнитологиялық, антропоцентристік, психолингвистикалық, т.б.) дүниеге келуіне байланысты концептуалдық жүйеде зерттеліне бастады. Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік бағытқа сәйкес тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Бұл ерекшеліктер адамның сөйлеу әрекетінен көрініс табады. Сөйлеу қоғамның барлық саласында қызмет атқарады. Іскери қарым-қатынастағы дискурсты, оның риторикалық, коммуникативтік, прагматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу күн тәртібіндегі келелі мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай зерттеулер тіл біліміндегі прагмалингвистика, элеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвостилистика, прагмастилистика, мәдениаралық коммуникация сияқты салалардың дамуына жол ашады.</p> <p>Бүгінгі зерттеу жұмысы іскери қарым-қатынастағы сөйлеу тілінің ерекшелігі мен қолданыстық сипатын, прагматикалық аспектісін зерттеуді мақсат етіп отырғандықтан өзекті. Аталған зерттеу жұмысы лингвопрагматикалық, лингвомәдени, лингвокоммуникативтік жағынан іскери қарым-қатынас дискурсын жан-жақты қарастырған ғылыми жұмыс екені назар аудартады. Іскери қарым-қатынасқа тән белгілер мен ұстанымдарды айқындаудың маңызы орасан зор. Іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категорияларды лингвистика, психология, мәдениет интеграциясы негізінде зерделеу бүгінгі тіл біліміндегі қажетті мәселелердің бірі. Осы мәселелер Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің</p>

			<p>прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының өзектілігін танытады.</p> <p>Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы негізінде жазылған.</p> <p>Диссертанттың 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы аясында жүргізілген жұмысы гуманитарлық бағыт аясындағы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба негізінде орындалған.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде ұсынылған ғылыми тұжырымдарының мәні мен маңызы жоғары. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің белгілері, формалары, коммуникативтік-элеуметтік мәні, сөйлеу ұстанымдарына қатысты жасаған тұжырымдары тіл біліміндегі коммуникативті-прагматикалық сала үшін аса маңызды.</p> <p>Іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің мәнін анықтайтын риторикалық категориялар мен іскери қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениетіне қатысты жасаған тұжырымдары лингвомәдениеттанудың дамуына өз үлесін қоса алады. Ал іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің психоэмоционалдық, индикативті, сигнификатты, номинативті, гностикалық функцияларын айқындауға қатысты пікірлері мен іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің прагматикалық және стильдік өлшемдері прагмастилистика саласының дамуына қосылған тың тұжырымдар ретінде бағалауға болады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының теориялық дайындығы, тілдік

		<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>біліктілігі, тақырыпты меңгеруі, тілдік бірліктерді жинақтап, жүйелеуі мен сұрыптауы осы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырады.</p> <p>Зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі диссертацияны автордың өзі жазу деңгейі, автордың диссертация мазмұнындағы жасаған түйіндеулері мен тұжырымдары, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста іскери қарым-қатынас тілі функционалдық стильдердің бірін құрайтындығы, оның ауызша, жазбаша, қосталған формада жүзеге асатындығы сөз етіледі. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, стиль атауларының әртүрлі қолданысқа түсу себептерінен ара-жігінің ашылмағандығына тоқталады. Іскери қарым-қатынас стилін ресми стильге жатқызатын ғалымдар пікіріне қосылады. Осы мәселені тереңірек зерттеп, коммуникация кімдердің арасында өтетіндігіне назар аударады. «Іскери қарым-қатынастағы әлеуметтік орта қандай тілдік жағдаяттар бойынша пікір алмасып, өз ойларын білдіреді» деген сұрақ бойынша сауалнама алады. Осыған байланысты ресми/бейресми ортада жүзеген асатын іскери қарым-қатынас түрінің коммуникативтік, прагматикалық ерекшеліктерін мысалдар арқылы дәйектеп, әлеуметтік статусын анықтайды. Зерттеу жұмысының өзектілігі, зерттеу негізін айқындайтын теориялық дәйектері және талқыға түскен материалдардың жеткіліктілігі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады.</p> <p>Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтаған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасалғандығы ішкі бірлігінің негізделгендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер, диссертанттың диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы бір-бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік толық сақталған.</p>

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды

- 1) айқындайды;
- 2) жартылай айқындайды;
- 3) айқындамайды

Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациясы екі тараудан, әр тарау соңындағы тұжырымдардан, қорытындыдан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай құрылған. Ондағы әрбір тараудың аты мен ондағы тақырыпшалардың мазмұны бір-бірімен сабақтасады.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында іскери қарым-қатынас пен лингвистиканың өзара қатынасы теориялық жағынан арнайы қарастырылады. Тілдік қатынас теориясына сүйене отырып, іскери қарым-қатынасқа тән ұстанымдар анықталады. Кәсіби сөйлеу, сөйлеу мәдениеті заңдылықтары негізінде іскери қарым-қатынас өлшемдері қарастырылады. Іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категориялар ұсынылып, олардың прагматикалық қызметі нақты талдаулар арқылы дәйектеледі. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің психологиялық болмысы, белгілері (динамикалық, психологиялық, мәдени) жан-жақты ашылады. Іскери қарым-қатынастағы тілдік бірліктердің, яғни фразеологиялық, метафоралық, перифразалық оралымдардың қолданылуын, прагматикалық ерекшелігі нақты мысалдармен дәйектеледі. Әр салаға қатысты тың, жаңа ақпараттар, жаңа өнім, жаңа көзқарастарды білдіретін сөйлемдерді қолдану - іскери қарым-қатынастағы мақсатқа жетудің басты құралы ретінде танылады. Іскери қарым-қатынас кезіндегі сөйлеуде ескерілетін психологиялық факторларды анықтауда өзіне дейінгі зерттеушілердің пікіріне сүйеніп, суггестиялық, конвенцияны сақтау, императив, манипуляция факторларының ерекшеліктеріне тоқталады. Оның нәтижесін «таным процесінде алынған хабарлардың іскери қарым-қатынастағы қызметі» деп бағалайды. Іскери қарым-қатынас, тұрмыстық қатынастың ара-жігі ажыратылады.

Зерттеудің екінші тарауында іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің түрлері мен прагматикалық өлшемдерін қарастыру мақсат етілген. «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу – әлеуметтік-саяси, экономикалық, идеологиялық т.б. маңызы бар тақырып аясында басшылардың, мамандардың, кәсіпкерлердің,

			<p>қызметкерлер мен қызметшілердің өзара тілдесуінен туындайтын танымдық әрекет» бола алатындығы айтылады. Ауызша формадағы кәсіби сөйлеу түрлерінен (саясат шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білмір шешен сөзі, уағыз шешен сөзі, т.б.) ерекшелігі салыстырылады. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеуге тән «ойды нәзік иірімдер арқылы мазмұнды түрде жеткізе білу», «басқа адамның айтқан сөзін, ойын бөгде адамға дұрыс және түсінікті жеткізу», «қарсы уәж келтіру, сұрақ қою арқылы айтылған ойды пысықтай білу», «ешқандай қостаусыз, қолдаусыз өз ойын еркін айтып, сауатты жазу арқылы жеткізу» сияқты критерийлерін көрсетеді, динамикалық, психологиялық, мәдени қасиеттердің басымдығына назар аудартады, «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары», «вертикальды», «горизантальды» қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асатындығын дәлелдейді. Іскери қарым-қатынастағы ауызша, жазбаша, қосталған сөйлеудің прагмастилистикалық ерекшеліктері кешенді зерттеледі. Іскери қарым-қатынас сөйлеу стилінің прагматикалық өлшемі мен стильдік белгілерін анықтау барысында және логос категориясының моделін анықтауда эксперименттік талдаулар жасалады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Сөйлеу лингвистикасы заңдылықтары негізінде іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің тілдік, стильдік, прагматикалық сипатын айқындау зерттеу жұмысының мақсатын құрайды. Осы мақсат аясында іскери қарым-қатынасқа тән ұстанымдарды айқындау, риторикалық категориялардың прагматикалық қызметін анықтау, әлеуметтік-функционалдық аспектіде зерттеу міндеттері көзделген. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеуді лингвистика, психология, мәдениет интеграциясы негізінде талдау диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асырушы міндеттерінің өзара толықтай сәйкестігін көрсетеді. Алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, соған байланысты жасалған теориялық түйіні мен қорытындыларының шынайылық дәрежесі айқын. Оған диссертанттың зерттеу мақсаты мен оны орындау үшін белгілеген міндеттері дәлел бола алады.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияда көрсетілген екі тарау және тараушалар арасында өзара логикалық байланыс сақталған, тарау соңында тұжырымдар келтірілген. Әр тарау мен тараушаларды айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік тауып отырған. Тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Ғылыми зерттеу нәтижелері өзекті мәселені, теориялық, қолданбалы міндетті шешуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін сәтті орындап шығуынан көрінеді. Зерттеу жұмысында автор өз тарапынан ғылыми этикеттерді сақтай отырып, дискурстық талдаулар жүргізуінің нәтижесінде бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, өз тарапынан саралап, лингвистика ғылымындағы негізгі қағидалар мен тіл дамуының үрдістерін анықтайтын модельдеу, дискурстық әдістер мен стилистикалық амал-тәсілдерді қолданады.</p> <p>Диссертант іскери қарым-қатынас сөйлеуіне тән динамикалық, психологиялық, мәдени белгілерді анықтайды. Прагматикалық талдаулар жасайды. Іскери қарым-қатынастағы қабылдаушыны сендіру, оның ойына түрткі салу, әсер ету, қызығушылығын ояту сияқты сөйлеудің прагматикалық мақсатын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Іскери қарым-қатынаста ойдың маңызды түйінін, нақты аргументін, белсенділігін логос категориясы негізінде талдайды. Сөйлеу стилін айқындауда этос категориясының маңыздылығын көрсетеді.</p> <p>Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты тілдік деректерді талдау, тіл білімінде орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысында іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің белгілері айқындалып, сөйлеу ұстанымдары ұсынылғандықтан, ғылыми нәтиже – жаңа. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің мәнін анықтайтын риторикалық категорияларға бөлуіне, оларға функционалдық семантикалық, коммуникативтік, интерпретациялық талдау жасауына, іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің психоземоционалдық, индикативті, сигнификатты, атауыштық (номинативті), танымдық (гностикалық) функцияларын айқындауға, сөйлеудің прагматикалық және стильдік өлшемдерінің, ауызша, жазбаша, қосталған сөйлеу түрлерінің прагмастилистикалық сипатын ашуға қатысты тұжырымдарының мәні жоғары. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады, бүгінгі күн тұрғысынан баға берілуі негізді саналады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының қорытындысында іскери қарым-қатынастағы сөйлеу лингвопсихологиялық, лингвомәдени, лингвоқұқықтық, лингвоэлеуметтік, лингвопрагматикалық аспектіде зерттеледі. Логос, этос, пафос категориялары іскери қарым-қатынастағы басты категориялар ретінде қарастырылады. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениетінің заңдылықтары сөз етіледі. Коммуникативтік, ақпаратты бағыттау, интенциялық (діттем) ұстанымдардың прагматикалық қызметі айқындалады. Ауызша, жазбаша, қосталған сөйлеу түрлерінің макродеңгейде, мезодеңгейде, микродеңгейде жүзеге асатындығы дәлелденеді. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған ғылыми теориялық және практикалық тұжырымдар мен қорытындылар зерттеу жұмысында қамтылған барлық ғылыми жаңалықты түйіндеп көрсеткен. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты тілдік деректерді талдау, тіл білімінде орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері</p>	<p>Іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің коммуникативтік, функционалдық, прагматикалық аспектісін ашуға негізделген</p>

		<p>жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>диссертациялық жұмыс мазмұны бүгінгі таңдағы қоғамның талабына және басқару шешімдеріне сәйкес келеді. Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдардың нақтылығы, негізділігі, зерттеудің ғылыми айналымына мол тілдік деректерді енгізуі басқару шешімдерінің сапасын көтере түседі.</p> <p>Диссертанттың қол жеткізген әрбір нәтижесі, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өн бойында орын алатын ғылыми ой-пікірлердің қай-қайсысы да нақты тілдік материалдар негізінде дәйектелген. Тілдік материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделіп, нақты іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің коммуникативтік, прагматикалық аспектісі талданып, дәлелденген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында қарастырылған негізгі қағидаттардың берілуі дәлелді, қолданыс өрісі кең, зерттеу жұмысы аясында жарық көрген мақалаларында қамтылғандығы жұмыстың тыңғылықты зерттелгендігін көрсетеді.</p>

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә 2) жоқ</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында функционалдык, риторикалық-категориялық, сөз қолданыстық, интерпретациялық, лексика-грамматикалық, коммуникативтік, прагмастильдік талдаулар жасалады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын көрсету үшін, пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. Жұмыс барысындағы пайдаланылған сілтемелері коммуникативтік, прагмастильдік талдау жұмыстары арқылы дәйектелген. Диссертанттың жасаған қорытындылары мен тұжырымдарында дәйектілік принципі қатаң сақталып, нақты прагмастильдік талдаулар негізінде нақты жазылған. Жүргізілген талдауларының нақтылығы мен негізділігі жоғары. Зерттеудің ғылыми айналымына қатысты мол тілдік деректерді пайдалануы жұмыстың салмағын арттырып, сапасын көтере түскендігі көрінеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә 2) жоқ</p>	<p>«Іскери қарым-қатынастағы элеуметтік орта қандай тілдік жағдаяттар бойынша пікір алмасып, өз ойларын білдіреді» деген сұрақ бойынша сауалнама барысында компьютерлік технологияларды қолданған. Пресуппозициялық компоненттерді айқындауда интерпретациялық талдау әдістері басшылыққа алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Зерттеу барысында теориялық тұжырымдар функционалдык, риторикалық-категориялық, сөз қолданыстық, интерпретациялық, лексика-грамматикалық, коммуникативтік, прагмастильдік талдаулармен дәлелденген және расталған. Логос категориясының моделін анықтауда эксперименттік талдау жүргізіледі.</p>

		негізінде дәлелденеді): 1) иә 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Оған дәлел диссертанттың іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасын қарастыруда шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне тоқтала кетіп, тақырыпқа қажетті мәліметтерін ұтымды қолдану арқылы диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін сенімді сілтемелермен растағанын жатқызуға болады.</p> <p>Ізденушінің материалды логикалық тұрғыдан жүйелі беруі, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми түйіндері мен маңызды мәлімдемелері ғылыми әдебиеттер арқылы нақтыланып, кіріспесінде көрсетілген өзектілік мәселесі, қорғауға ұсынылған тұжырымдар, қол жеткізген ғылыми жаңалықтарында, зерттеу нысанына алынған мәселелерден ауытқушылық жоқ.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Автор диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік авторларды қатар қарастырады. Олардың тұжырымдары мен пікірлерін орынды қолданады. Автор 160 еңбекке сілтеме келтіреді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес қолданады. Әдебиеттердің өндірістегі қолданысы соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтитындығы әдеби шолу үшін жеткілікті саналады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижесі сөйлеу лингвистикасы теориясының дамуына, прагмастистика, коммуникативті лингвистика теориясының толығына өзіндік үлес қосады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жоғарғы оқу орындары филологиялық, гуманитарлық бағыттарда оқытылатын таңдау компоненттеріндегі пәндерде қосымша материалдар ретінде ұсынуға болады. Сондай-ақ, стилистика, риторика, коммуникативті</p>

		2) жоқ	грамматика, сөз мәдениеті, коммуникативті прагматика, функционалды тіл білімі салаларында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысында жасалған функционалдық, актуализациялық, риторикалық-категориялық, сөз қолданыстық, пресуппозициялық, интерпретациялық, лексика-грамматикалық, коммуникативтік, прагмастильдік талдаулардың практикалық маңызы жоғары, практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысындағы жазу мәнері мен ресімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың жазуындағы логикалық жүйелілік сақталған, ғылыми стилі жатық, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймыз.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру** (Шохаева Карлығаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы») атты диссертациясы 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы мамандығы бойынша (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймыз);
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

А.Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі

кафедрасының доценті м.а.

филология ғылымдарының кандидаты

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

дәріс беру және аттестат беру комиссиясының


ЗАБЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации

научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

20 ж/л



(Handwritten signature)

(колы)

Саткенова Жайна Бағашарқызы

(Аты-жөні)